

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2024.11 (1)  
қаңтар-наурыз

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2024  
© Авторлар ұжымы, 2024

**БАС РЕДАКТОР**

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**Аяған Бүркітбай Ғелманұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

**Әлімбаев Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

**Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

**Қожамжарова Дария Пернешқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Канзас университеті. (АҚШ)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

**Көмеков Болат Ешмұхамедұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қышпақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы** — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашұлы** — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Сыдықов Ерлан Бәтташұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР**

**Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы** — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ**

**Копеева Сания Жуматайқызы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,  
археология, этнология, антропология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2024  
© Коллектив авторов, 2024

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Аяган Буркитбай Гелманович** — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Каробаев Берекет Бахытжанович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

**Кожамжарова Дария Пернешовна** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

**Кумеков Болат Ешмухамбетович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Матыжанов Кенжехан Слямжанович** — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Римантас Желвис (Zelvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашевич** — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

**Сыдыков Ерлан Батташевич** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Таймагамбетов Жакен Кожакметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР**

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ**

**Козыбаева Махаббат Маликовна** — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ**

**Копеева Сания Жуматаевна** — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2024  
© Group of authors, 2024

### EDITOR-IN-CHIEF

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

### EDITORIAL BOARD

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

**Ayagan Burkitbai Gelmanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Golden Kathie Stromile** — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Karibayev Bereket Bakhytzhonovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

**Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

**Kozhirova Svetlana Bassieva** — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

**Kumekov Bolat Eshmukhambetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich** — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Samashev Zainolla Samashevich** — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**Sydykov Erlan Battashevich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

### EXECUTIVE EDITOR

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

### ACADEMIC EDITOR

**Kozybayeva Makhabbat Malikovna** — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

### TECHNICAL SECRETARY

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

## АНТРОПОЛОГИЯ / ANTHROPOLOGY

Published in the Republic of Kazakhstan Edu.e-history.kz  
 Has been issued as a journal since 2014  
 ISSN 2710-3994.  
 Vol. 11. Is. 1, pp. 247–260, 2024  
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2023\\_36\\_4\\_247-260](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_36_4_247-260)

## AGRICULTURAL CULTURE OF KAZAKHS IN FOLKLORE DATA (EXPERIENCE OF ETHNOGRAPHIC RESEARCH)

*Nurlybek A. Dossymbetov<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology  
 (28, Shevchenko Str., Almaty, 050010 Republic of Kazakhstan)  
 PhD student, junior researcher

 <https://orcid.org/0000-0001-8341-2366>. E-mail: [nurlybekdossymbet@gmail.com](mailto:nurlybekdossymbet@gmail.com)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2024

© Dossymbetov N.A., 2024

**Abstract.** *Introduction.* The article analyzes the agricultural culture of the Kazakhs by comparing ethnographic and folklore data. To supplement some questions, information related to agriculture is provided as sources in legends, songs, proverbs, superstitions and poems preserved among the population. In addition, the stories the author received from informants during ethnographic field research also increase the reliability of the article. Since these folklore data have valuable information about the Kazakh agricultural culture. To do this, it is necessary to comprehensively analyze the folklore heritage that has survived to this day and compare it with ethnographic research. As a result of the analysis, we will have the opportunity to more deeply understand the concepts and names in folklore regarding agriculture. *Goals and objectives.* To study the agricultural culture of the Kazakhs on the basis of folklore data that has survived to this day. To achieve this goal, the following tasks were set: drawing parallels with ethnographic data on agriculture stored in folklore, explaining the names associated with land use in oral folk literature, analyzing mythological characters associated with fertility in the folk worldview. *Results.* The first group of folklore data consists of legends about such mythological characters as Dikan Baba and Ali Shinar. The next group includes biys, bolys, and batyrs, who dug ditches for the benefit of the country. Their activities are widely known among the Kazakh clans and tribes, which later became a legend. In the songs of zhyrau poets, singing about folk heroes, there are also lines about agriculture. Also, from the proverbs and superstitions in the daily life of the people, it can be seen that the Kazakhs were engaged in agriculture. *Conclusion.* Any folklore information passed from mouth to mouth to this day is very important. This folklore heritage must be systematically analyzed, introduced into scientific circulation and popularized among the modern Kazakh society. And the history embedded in the memory of the people is revived from time to time and contributes to the enlightenment of the public consciousness of society.

**Keywords:** Zhetysu, Syrdarya, legends and tales, aryk, yap, agriculture, inheritance, chigir, public consciousness, folklore, ethnography

**Acknowledgments.** The article was prepared within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan: «Transit of cultural values in



time and space» (Registration number BR18574216).

**For citation:** Dossymbetov N.A. Agricultural culture of Kazakhs in folklore data (experience of ethnographic research) // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2024. Vol. 11. No. 1. Pp. 247–260. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_1\_247-260


## ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕГІНШІЛІК МӘДЕНИЕТІ (ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕСІМЕН)

*Нұрлыбек Айдарбекұлы Досымбетов<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

(28-үй, Шевченко көш., 050010 Алматы, Қазақстан)

PhD-докторант, кіші ғылыми қызметкер

 <https://orcid.org/0000-0001-8341-2366>. E-mail: [nurlybekdossymbet@gmail.com](mailto:nurlybekdossymbet@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2024

© Досымбетов Н.А., 2024

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақалада этнографиялық және фольклорлық деректерді салыстыра отырып қазақтың егіншілік мәдениеті талданады. Кейбір мәселелерді толықтыра түсу үшін халық арасында сақталған аңыз-әңгіме, жыр-дастандар, мақал-мәтел, ырым-тыйымдар мен өлең жолдарындағы егіншілікке байланысты мәліметтер дерек ретінде келтіріледі. Сонымен қатар, автордың далалық этнографиялық зерттеу барысында информаторлардан алған аңыз-әңгімелер де мақаланың деректік аясын арттыра түседі. Аталмыш фольклорлық деректер қазақтың егіншілік мәдениетінен сыр шертетін құнды мәліметтерді бере алады. Ол үшін бүгінгі күнге дейін сақталған фольклорлық мұраны жан-жақты қарап, этнографиялық зерттеулермен салыстыра талдау қажет. Талдау нәтижесінде халықтық фольклордағы егіншілікке қатысты ұғымдар мен атауларды тереңірек түсінуге мүмкіндік аламыз. *Зерттеудің мақсаты мен міндеттері* – ел аузынан бүгінгі таңға дейін жеткен фольклорлық деректер негізінде қазақтардың егіншілік мәдениетін зерттеу. Аталмыш мақсатқа жету үшін халықтық фольклорда сақталған егіншілік туралы мәліметтерді этнографиялық деректерге параллельдер жүргізу, халық ауыз әдебиетіндегі жер-суды пайдалануға байланысты атауларға түсініктеме беру, халық дүниетанымындағы құнарлылыққа байланысты мифологиялық кейіпкерлерді талдау сынды міндеттер қойылды. *Нәтижелер.* Фольклорлық деректердің алғашқы тобын Діқан баба, Әлі Шынар сынды мифологиялық кейіпкерлер туралы аңыздар құрайды. Келесі топқа халық игілігі үшін арық қаздыртқан би, болыс, батырларды жатқызуға болады. Олардың атқарған қызметі қазақ ру-тайпаларының арасында қатты дәріптеліп, аңызға айналған. Халықтық батырлар туралы жырлаған ақын-жыраулардың жыр-дастандарында да егіншілік туралы жолдар кездеседі. Сондай-ақ, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі мақал-мәтелдер мен ырым-тыйымдардан да қазақ халқының егіншілікпен айналысқандығын көруге болады. *Қорытынды.* Ел арасында ауыздан-ауызға тарап бүгінге дейін жеткен қандай да болсын фольклорлық деректердің маңызы зор. Аталмыш халықтық мұраны жүйелі талдап, ғылыми айналымға енгізіп, заманауи қазақстандық қоғам санасына түсіндіру ләзім. Ал, халық жадына сіңген тарих оқтын-оқтын жаңғырып, қоғамдық сананың жарқын болуына септігін тигізеді.

**Түйін сөздер:** Жетісу, Сыр бойы, аңыз-әңгіме, арық, жап, егіншілік, мұрап, шығыр, қоғамдық сана, фольклор, этнография

**Алғыс.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Уақыт пен кеңістіктегі мәдени құндылықтар транзиті» тақырыбындағы бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR18574216).


**Дәйексөз үшін:** Досымбетов Н.А. Фольклорлық деректердегі қазақтардың егіншілік мәдениеті (этнографиялық зерттеулер нәтижесімен) // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2024. Т. 11. № 1. 247–260 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_1\_247-260

## КУЛЬТУРА ЗЕМЛЕДЕЛИЯ КАЗАХОВ В ФОЛЬКЛОРНЫХ ИСТОЧНИКАХ (ОПЫТ ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ)

*Нурлыбек Айдарбекович Досымбетов<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова  
(д. 28, ул. Шевченко, 050010, Алматы, Республика Казахстан)

PhD-докторант, младший научный сотрудник

 <https://orcid.org/0000-0001-8341-2366>. E-mail: [nurlybekdossymbet@gmail.com](mailto:nurlybekdossymbet@gmail.com)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2024

© Досымбетов Н.А., 2024

**Аннотация.** *Введение.* В статье анализируется культура земледелия казахов методом сопоставления этнографических и фольклорных данных. Чтобы дополнительно выяснить некоторые вопросы связанные с земледелием, в качестве источников приводятся сведения из фольклора: сказания, поэмы, пословицы, суеверия и стихи. Кроме того, устные сведения, полученные автором от информаторов в ходе полевого этнографического исследования расширяет источниковую базу настоящей работы. Данные фольклорные данные могут дать ценные сведения, отражающие культуру казахского земледелия. Для этого необходимо всесторонне проанализировать фольклорное наследие, сохранившееся до наших дней, и провести сравнительный анализ с этнографическими исследованиями. В результате анализа у нас появится возможность более глубоко разобрать понятия и наименования в народном фольклоре касательно земледелия. *Цель и задачи исследования* – изучение земледельческой культуры казахов на основе фольклорных данных, дошедших до наших дней. Для достижения поставленной цели были поставлены следующие задачи: проведение параллелей с этнографическими данными о земледелии, хранящимися в народном фольклоре, объяснение названий, связанных с землепользованием в устной народной литературе, анализ мифологических персонажей, связанных с плодородием в народном мировоззрении. *Результаты.* Первую группу фольклорных данных составляют легенды о таких мифологических персонажах как Дихан-баба и Али Шинар. К следующей группе можно отнести биев, болысов, батыров, которые были инициаторами рытья каналов-арык на благо народа. Их деятельность широко известна среди казахских родов-племен, что впоследствии стало легендой. В поэмах сказителей-жырау, воспевающих о батырах, также встречаются сведения о земледелии. Также из пословиц и суеверий в повседневной жизни народа можно заметить, что казахи занимались земледелием. *Заключение.* Любые фольклорные сведения, передающиеся из уст в уста и по сей день имеют очень важное значение. Это фольклорное наследие необходимо систематически проанализировать, ввести в научный оборот и популяризовать среди современного казахстанского общества. А история, заложенная в памяти народа, время от времени возрождается и способствует просветлению общественного сознания общества.

**Ключевые слова:** Жетысу, Сырдарья, легенды и сказания, арык, яп, земледелие, наследство, чигирь, общественное сознание, фольклор, этнография

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта программно-целевого финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Транзит культурных ценностей во времени и пространстве» (регистрационный номер: BR18574216).

**Для цитирования:** Досымбетов Н.А. Культура земледелия казахов в фольклорных источниках (опыт этнографического исследования) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2024. Т. 11. № 1. С. 247–260. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2024\_11\_1\_247-260

### **Кіріспе**

Бүгінгі күнге дейін сақталған қазақ халқының фольклорлық мұрасы фольклортанушылар тарапынан біршама зерттеліп, нәтижесінде «Бабалар сөзі» атымен жүз томдық басылым болып жарыққа шықты. Әлі де болса өзінің жарыққа шығуын күтіп жатқан, ел арасында айтылып жүрген халық ауыз әдебиеті баршылық. Аталмыш халық ауыз әдебиетінің жарқын үлгілерін фольклортанушылардан өзге тарихшылар, этнографтар, филологтар т.б. ғылымның түрлі бағытының өкілдері де өздерінің тарапынан зерттеу жұмыстарын жүргізулері қажет-ақ. Өйткені, халықтық шығармаларда түрлі тарихи оқиғалар, жер-су аттары және халықтың шаруашылық жүйесі мен тұрмыс-тіршілігіне қатысты ұғымдар өзінің сырын ішіне бүгіп жата береді. Осы орайда, этнографиялық зерттеулерде фольклор дерек көзі ретінде жиі пайдаланылатындығын да айта кету керек. Бірақ, әлі де болса назардан тыс қалған тұстары жетерлік. Сондықтан, халықтың фольклорлық мұрасын жан-жақты зерттеу жұмыстарын жалғастыра беру қажет.

Қазақ фольклорын мақал-мәтелдер, ертегілер, аңыз-әңгімелер, тарихи жырлар, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары, ырымдар, қара өлеңдер т.б. құрайды. Фольклордың түрлі жанрларында егіншілікке қатысты деректер әртүрлі мазмұнда кездеседі. Мысалы, мақал-мәтелдерде тек қазақтың егіншілік мәдениетінің жинақы бейнесін көре аламыз. Өйткені, мақал-мәтел халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымының нәтижесі ретінде белгілі бір ой-тұжырымды қорытынды ретінде ұсынады. Ал, аңыз-әңгімелерде белгілі бір тарихи оқиғаның барысымен толық танысуға болады. Әрине, фольклордың жанрлық бағыты тарихи шындықтың дәлме-дәл бейнесін бере алмайды. Мұны фольклорлық шығармалардың ұрпақтан-ұрпаққа ауызекі айтылып, бүгінгі күнге дейін жеткендігімен байланыстыруға болады. Дегенмен, фольклор өз ішінде белгілі бір тарихи оқиғаның немесе халықтың болмыс-бітімінің негізгі бөлігін сақтап қалған.

### **Материалдар мен әдіс-тәсілдері**

Ғылыми мақаланың басты мақсаты – қазақтың егіншілік мәдениетін этнографиялық және фольклорлық деректер негізінде зерттеу. Яғни, бүгінгі күнге дейін жеткен қазақ егіншілік мәдениетіне қатысты халық ауыз әдебиеті мұраларына этнографиялық параллельдер жүргізу арқылы талдау жасалады. Аталмыш мақсатқа жету үшін, ең алдымен, жүйелілік әдіске басты назар аударылды. Бұл әдіс қарастырылып отырған тақырыптағы мәселелерді жан-жақты қарастыруға ықпалын тигізеді. Сондай-ақ, фольклорлық деректердің өзіндік мазмұнын, тарихи құндылығын анықтау үшін жіктеу әдісі кеңінен пайдаланылды. Мұндай әдіс арқылы фольклорлық деректердің түрлері көп екендігіне және олардың қолданыс аясы мен идеялық мәні сан салалы болып келетіндігіне көз жеткіземіз. Сондай-ақ, фольклористика мен этнографияның өзіндік қырларын ашу үшін тарихи-салыстырмалы зерттеу әдісі де назардан тыс қалған жоқ. Зерттеу барысында қолданылған мұндай әдіс екі үлкен саланың бір тақырыпты кеңінен бағамдауына мүмкіндік береді. Мақалада қолданылған материалдардың негізгі тобын қазақтың егіншілік мәдениетіне қатысты бүгінгі күнге дейін келіп жеткен халық ауыз әдебиетінің мұралары құрайды. Атап айтқанда, фольклордың негізгі түріне жататын аңыз-әңгімелер, тарихи жырлар,

мақал-мәтелдер, ырым-тыйымдар, магиялық сарындағы өлең жолдары кеңінен пайдаланылды. Бұдан өзге, этнографиялық еңбектер салыстырмалы зерттеу жүргізу үшін қолданылды. Сондай-ақ, автордың 2020–2022 жылдары Түркістан облысы Сарыағаш, Келес және Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Жалағаш аудандарында жүргізген далалық этнографиялық зерттеулері кезінде жинақталған фольклорлық деректері тақырыпты кеңінен қарастыруға мүмкіндік береді.

### Талқылау

Америка антрополог-ғалымы Уильям Бэском антрополог<sup>1</sup> үшін фольклор кез келген халықтың мәдениетін құрайтын маңызды бөліктердің бірі деген пікір білдіреді. Ғалымның төмендегідей ойы фольклордың этнографиялық зерттеу жұмыстарындағы маңызы жоғары екендігін дәлелдей түседі: «Технологиясы қаншалықты алыс және қарапайым болса да, фольклордың қандай да бір түрін пайдаланбаған бірде-бір топ табылған жоқ. Осыған байланысты, сондай-ақ бір ертегілер мен мақал-мәтелдер екеуіне де белгілі болғандықтан, фольклор сауатты және сауатсыз қоғамдар арасындағы көпір қызметін атқарады. Кейбір антропологтар белгілі бір себептермен фольклорға аз көңіл бөлгенімен, фольклорды қарастырмаған кез келген этнографиялық зерттеу тұтастай мәдениетті ішінара және толық емес сипаттау ғана болатыны анық. Сонымен қатар, фольклор діни, әлеуметтік, саяси және экономикалық институттарды бекітуге және орнатуға қызмет ететіндіктен, тәрбие құралы ретінде оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқаратындықтан, фольклорға мән бермей мәдениеттің түрлі бөліктерінің ешқайсысын мұқият талдау мүмкін емес» (William, Bascom, 1953: 284).

Фольклорлық зерттеулерде этнография саласының маңызды роль атқаратындығын фольклортанушы-ғалым Сейіт Қасқабасов өзінің зерттеулерінде атап өтеді. Атап айтқанда, Сейіт Қасқабасов фольклордың жанрлық ерекшеліктерін ескере отырып екі жайтқа назар аударады: бірінші – фольклордың әдебиетпен жақындығы, екінші – фольклорды әдебиеттен алшақтататын өзіндік ерекшеліктер. Осыны ескере отырып, ғалым фольклор жанрларын этнографияға сүйенбей зерттеу мүмкін емес деген қорытындыға келеді (Қасқабасов, 2014: 19). Яғни, фольклор мен халықтың тұрмыс-тіршілігін зерттейтін этнография бір-бірімен өте тығыз байланысты деуге болады. Ал, этнография – халықтың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, шаруашылық жүйесін зерттейтін тарих ғылымының бір саласы.

Бүгінгі таңға дейін жарық көрген этнографиялық еңбектерден фольклордан мысал келтіріліп, оның қолданысқа ие болғанын көруге болады. Атап айтқанда, Ж.Х. Кармышева (Кармышева, 1986), Б.Ә. Алтаев (Алтаев, 1994), Ә.Ж. Ахантаева (Ахантаева, 2008), К.Г. Шаймерденова (Шаймерденова, 2001), Т.Е. Қартаева (Қартаева, 2022: 191–217) т.б. ғалымдардың еңбектерінде қазақтың егіншілік мәдениетіне қатысты фольклорлық мәліметтер қолданылған.

### Зерттеу нәтижелері

Егіншілікке байланысты фольклорлық материалдардың алғашқы тобын мифологиялық кейіпкерлерге арналған аңыз-әңгімелер, өлең-жырлар, ырым-тыйымдар т.б. құрайды. Бұл фольклорлық материалдардағы кейіпкерлердің өмір сүрген кезеңі мен оқиғаның нақты жылдары белгісіз. Сол аңыздардың бірі қазақ егіншілерінің пірі, еккен егіннің желеп-жебеушісі Діқан бабаға арналған. Ел аузындағы аңыз бойынша ерте заманда адам баласы жаратылған кезде аспан ата мен жер ана жан біткенді жарылқап, Діқан баба жаңбыр орнына арпа-бидай, қар орнына ұн жаудырады екен. Жер өнімін мол беріп, егін шөп сияқты өзі жайқалып өсіпті. Халық аштық дегенді білмей, дау-дамайсыз дайын астықты шетінен жинап алып, азық қылыпты. Сондай мол өнім алған жылдардың бірінде адамдар астықты қоярға орын таппай, «Діқан баба, биылдан астық

<sup>1</sup>Біздің ғылыми түсінік бойынша этнограф – *Н.А.*

көп берме» деп кесірленіп, арпа-бидайды аяқ асты етіпті. Адамдардың мұндай қылығына ашуланған Діқан баба үш жыл бойы көктен астық жаудырмай, жерден бір түйір дән өсірмей қойыпты. Аштыққа шыдамаған халық Діқан бабаға жалбарынып кешірім сұрапты. Содан бастап адамдарға кешірім беріп, бірақ аспаннан жазда жаңбыр, қыста қар жаудырып: «жерге егін егіп, оны жауын-шашынның суына суарып, еңбек етіп, азықтарыңды табыңдар», – депті. Осыдан бастап адамдар егін егіп, әрбір дәнді өздерінің маңдай терімен еңбек етіп алатын болыпты (Бабалар сөзі, 78, 2011: 255–256).

Жоғарыдағы аңызда айтылған Діқан баба Орта Азия халықтарына ортақ кейіпкер. Мысалы, тәжіктерде Бобо Дехкон, өзбектерде Бобо-и Дехкан, түрікмендерде Баба Дайхан, қарақалпақтарда Дийхан баба т.б. болып кездеседі (Басилов, 1970: 12). Халықтық фольклордың бір саласы болып табылатын қазақтың ырымдар жүйесінде Діқан бабаға қатысты да түсінік кездеседі. Қырманға астық бастырар кезде егінші Діқан бабаны еске алып, бір шайнам дәнді аузына салып: «Дән дәмді болсын, ішер көбейсін» деп тілек айтып барып істі бастайды. Бұл қырмандағы әрбір дән шашылмасын, алдымен өзіміз дәм таталық, өзгеге жем болмасын деген ізгі ниеттен туындаған ырым болса керек (Бабалар сөзі, 93: 334). Ал, еңбектің нәтижесін көріп, егін жинау маусымында қолданылатын ырымды Ә. Диваевтың халық арасынан жинап, жариялаған еңбегінен көре аламыз: «Діқан өз қырманының астығын алып, пайдалануға кірісерде «Діқан атаның» атына бағыштап, құраннан аят оқиды. Содан соң алғашқы өлшем қайыр-садақаға, «аққұлаға<sup>2</sup>» бөлінеді. Бұл міндетті түрде кешкісін оттың жарығымен жасалады, күндіз жасалмайды» (Диваев, 1992: 167). 1975 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында этнографиялық экспедиция құрамында зерттеулер жүргізген Ж.Х. Кармышева жергілікті халық арасынан Діқан бабаның атын атап, дұға тілейтін сөздерді жазып алған:

Бісмиллеһир-рахман ар-рахим.

Я, Діқан баба! Құрт-құмырсқа,  
жан-жануардан қалғаны менікі.

Я, құдая! Ауадан жаудыр, жерден ендірі!

Бала-шағаның разқын өзін жеткір (Кармышева, 1986: 56)!

Қазақтардың егіншілікке қатысты келесі бір мифологиялық кейіпкері ретінде Әлі Шынар айтылады. Әлі Шынар туралы төрт жолдан тұратын өлеңді алғаш Т.А. Сейдалин өзінің 1870 жылы шыққан мақаласында келтіреді:

Шығырдың шын атасы – Әлі Шынар,

Шынарға сыйынбасаң шығыр сынар.

Әліге Шынар менен шын сыйынсаң,

Қашан да Тәңірі оңғарып, ісің тынар (Сейдалин, 1870: 248).

Халық арасында Әлі Шынар шығырды ойлап тапқан жан ретінде айтылады. Ал, шығыр дегеніміз өзен, көлдерге орнатылатын гидротехникалық құрылғы. Судың ағысымен немесе түйе, өгіздің күшімен қозғалысқа келтірілетін шығырдың көмегімен биікте орналасқан егістікке суды еркін шығаруға болады. Шығыр айналып төменге бағыт алғанда дөңгелек пішіндегі құрылғының шетіне бекітілген арнайы құмыралардағы су науаға құйылады. Науадағы су одан әрі атыздар арқылы егістікке қарай бағыт алады (Казахи, 1995: 36).

Егіншілікке байланысты фольклордың келесі тобын тарихта болған тұлғаларға қатысты аңыз-әңгімелер құрайды. Бұл аңыз-әңгімелердің кейіпкерлері халықты ұйымдастырып, арық қаздыртып, егіншілікпен айналысқан. Ел игілігі үшін атқарған істері халық арасында аңызға айналып, әлі күнге дейін айтылып келеді. Сондай бір аңыздың бірі «Су иесі» деп аталады. Хикая желісі XIX ғасырда Алтайда арық қазып, халыққа су жеткізумен айналысатын Кеншін есімді қазақтың оқиғасына байланысты құрылған. Ол арық қазу кезінде судың жайын, жер шаршысын

<sup>2</sup>Аққұла деп қырманнан үлес ретінде жетім-жесірге, кедей отбасыларға берілетін сыбағаны атайды. Бұл халық арасында «Құдайдың үлесі» ретінде бағамдалған (Кармышева, 1986: 64).

тексеріп, тоған алынатын жерді белгілеп береді. Өзі кептіріп дайындаған түйенің шегіне су жіберу арқылы арық табанының тегістігін анықтайды екен. Кеншінің сағасын Ертіс өзенінен алатын тоғандарының бәрі сәтті шыққандықтан жұрт ол туралы «су иесінің киелі бұйдасы Кеншінің қолында, өзеннің суын тіркеулі түйедей жетектейді» дейтін көрінеді. Сондай бір Ертіс өзенінің бір тұсынан тоған алып, арық қазып жатқан халыққа қарата Кеншін: «Біз жаңылыппыз, бұл тоғанға су шықпайды, енді әуре болмай жұмысты тоқтатайық» –депті. Оны қайдан білдің деп сұраған жұртқа Кеншін: «Маған су иесі аян берді, қазылып жатқан арықтың алдына су иесі ақ бура болып келіп, көлденеңінен жатып алды. Енді мен алатын ақымнан кештім», – деп кетіп қалған екен. Басталған жұмысты тоқтатқысы келмеген көпшілік арықты одан әрі қазуды жалғастырыпты. Бірақ, Кеншінің айтқаны дәл келіп жердің астынан көлденең ақ жартас шығып, арық қазуды амалсыздан тоқтатыпты (Бабалар сөзі, 78, 2011: 257).

Сырдария өзені бойындағы Жалағаш өңіріндегі Қосарық Баян арығы<sup>3</sup> туралы аңыздың оқиғасы да халық арасында бүгінгі күнге дейін айтылады. Жергілікті информаторлардың айтуынша, бұл өңірдегі өте көне арықтардың бірі болып табылады. Аталмыш арық туралы түрлі аңыздар бар екен. Сондай аңыздың бірін информатор Марат Шәмекей ұсынады. Ел аузындағы аңыз желісі бойынша, ерте заманда төрт құбыласы түгел атақты байдың Баян есімді бойжеткен қызы бар екен. Байдың қызына тігерге тұяқ малы жоқ, әке-шешесінен ерте айырылған жігіттің көңілі түседі. Содан жігіт байдың үйіне жалғыз өзі барып, қызға құда түсіп келгендігін, бірақ қалыңмал бере алатын жағдайы жоқтығын айтады. Сонда бай сіңірі шыққан кедейлігін, жетім екендігін бетіне басып, қарқылдап күліп жігітті қуып шығады. Сол сәтте байдың үйінде ауылдың ақсақалдары да болған екен. Аузы дуалы бір ақсақал байға қарап: «Әй шырағым, жігіттің меселін қайтарғаны дұрыс болмады. Тілімді алсаң жігітті қайта алдыр. Білсек ол жігіт қара күштің иесі, құдық пен арық қазатын мұраптық өнері бар. Біз сол жігітті пайдаланып, дариядан ауылымызға бір арық қаздырайық. Ауылымызға су келсе, бау-бақша салып, жағдайымыз бұдан әрі түзелер еді» деп ұсыныс айтыпты. Ақсақалдың қисынды ұсынысын қабыл алған бай әлгі жігітті қайта алдыртып, «егер де ауылымызға арық қазып берсең, қызымды қалыңмалсыз беремін» дейді. Байдың ұсынысына келіскен жігіт ауылға дариядан арық қазуға кірісіпті. Күні-түні еңбек етіп, арадан біршама уақыттан соң, дариядан ауылға су жеткізіпті. Мұны көрген бай жігітке қызын қосып, алдына мал салып беріпті. Кейіннен әлгі жігіттің ұрпақтары бір рулы елге айналыпты деседі. Уақыт өте келе жігіттің аты ұмытылып, халық жадында тек қыздың «Баян» есімі ғана сақталыпты. Ал қосарық атануының себебі, Жаңадариядан жалғыз сағадан бастау алған арық екіге айырылып ағады екен. Содан арықтың аты ел арасында «Қосарық Баян» атаныпты (I).

Қазіргі Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мақпалкөл ауылының<sup>4</sup> жергілікті халқының бір бөлігін ертеде Сарыбай Сәдір, Бекіш деген кісілер басқарған екен. Олар әуелі Майлыөзек бойында, Қосарық – Баян деген жерде, Аламесек табанында, кейін Еңбек ауылының түстігінде Көлдей деген жерден көл саға алып, көк қасқа ат сойып, канал қаздырып, егін еккен. Каналдың аты «Көкқасқа арығы» деп аталып кетеді (Жалағашым, 1999: 236). Мұндағы Сәдір мен Бекіш атты кісілер туралы Омар Шораяқовтың «Ұстаздарым» деген жырында мынандай жолдар берілген:

Сарыбай Сәдір, Әзілкеш –  
Және дағы би Бекіш  
Тап салмаған таусылып,

Сағасы терең арналар (Бес ғасыр жырлайды, 1989: 413–414). Халықтық ұғымда саға сөзі өзеннің негізгі арнаға құятын жеріне қатысты айтылады. Яғни, арық арнасының өзеннен бастау алатын тұсы «арық сағасы» болып табылады. Бұған байланысты халық дүниетанымында «Сағадағы су ішеді, Аяқтағы у ішеді» деген мақал қалыптасқан (Бабалар сөзі, 69, 2011: 316).

<sup>3</sup>Бүгінгі таңда арықтың сілемдері Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жаңадария ауылына жақын маңда сақталған.

<sup>4</sup>Мақпалкөл ауылының атауы 2016 жылы «Темірбек Жүргенов ауылы» деп өзгертілген.

Ал, өлең жолдарындағы арна сөзі өзеннің, арықтың су ағып жататын терең өзегіне қатысты қолданылады (Құралұлы, 1997: 237).

Жоғарыда айтылған Сарыбай Сәдірге қатысты хикаяны Темірбек Жүргенов ауылының тұрғыны Кемелов Өміртай ақсақал баяндап берген еді. Информатордың айтуынша, Тасарыққа байланысты Сәдір Тама Өмірбай шешенмен<sup>5</sup> дауласып қалады. Мұнда айтылып отырған Тасарық сағасын Ахан мұнарасының түбінен алатын арық. Бірде Өмірбай шешен Сәдірге: «Бұл жерде алпыс атан түйемнің басы жатыр», – деп арықты қазудағы Тамалардың қолданған күш-көлігіне қатысты айтқан екен. Сонда Сәдір: «Мұнда менің алпыс атамның басы жатыр», – дейді. Сөйтсе сол Ахан мұнарасының маңына Сарыбай, Сарғасқа елінің елге белгілі біршама азаматтары жерленген екен. Осылай Сәдір өзінің тапқырлығымен Өмірбай шешенді сөзбен жеңіп, Тасарықты екі-үш жылға пайдалануға алыпты. Әруақтарды сыйлаған Өмірбай шешен сөзге тоқтап, мәрттік танытып, Тасарықты уақытша пайдалануға рұқсатын беріпті. Осыған байланысты Сәдір:

«Таманың алып бүгін тасарығын,

Елімнің асырадым аш-арығын», – деп айтқан екен. Сол қиын-қыстау жылдары Сарыбай, Сарғасқа елі Тасарықты пайдаланып, кейіннен Тамаларға қайтарған екен (II).

Тағы бір жер дауына байланысты оқиға Жалаңаш өңіріндегі Керейт руының Бозаншарынан тарайтын Қоспенбет пен Еспенбет ағалары арасында болады. Құда-жекжаттығын алға тартқан өзге де рулар бұл дауға қосылады. Арада кісі өлімі болып, дау шиеленісе түседі. Арыз жазылып, патша шенеуніктері де араласады. Сонда Нәлібай Шаңлықөлдің (Сорлыасар) Бегісан аталығының қонысы екенін, Жетірудың оқ-дәрісін сақтаған Жаңабатырдың әкесі екенін, көлден арық тартып Әулиетөбеге көкжиде еккенін, Қарабөгет соғысында мертліккен кісілерді куәға тартып дәлелдейді. Тоқсанқап бөгетін қалай тоқтатқанын Жаңабатыр ұрпағы Жауғашар айтса, Жүсіп, Өткелбай, Тұрлыбайлар Әкімқожаның өлген жері Әулиетөбе аталғанын, Өтек от жаққанын айтады. Сонымен көпшілік тоқтамға келіп, қой мұнымыз ағаттық екен, ағайындықтан айырылмайық десіп бірігеді. Аққошқар шалынып, қара тай сойып баталасады. Бірнеше шақырымдай арық қаздырып төменгі елге су береді. Бұл халық арасында Нәлібай жармасы атанып кетеді. О баста Шаңлықөлден саға алып, кейін Тоқсанқап түбінен – Шіркейліден саға алған бұл жарманы қаздырған, елді егіншілікке үйреткен Жауғашар мен Нәлібай екені даусыз. (Жалағашым, 1999: 249).

Сыр бойындағы Жалаңаш өңірінде өмір сүрген Үбіс би Жанайұлының<sup>6</sup> да арық қазудағы өзіндік сыры бар. Ол Үргеніш пен Арқа бойынан әкелген дақылдарды егейін десе, ойлаған жеріне су шықпайды. Содан соң Үбіс бүкіл елді шақырып, мал сойып, өзі бас болып, сырық санап арық қаза бастайды. Елдің абыройлы адамының өзі бастаған соң қалған халық құрал-саймандарын әзірлеп, ұзындығы 10 шақырымдай болатын «Үбіс арығын» қазған екен (Жалағашым, 1999: 275). Үбіс айналасындағы кедей ағайындарын егін егуге үйретіп, отырықшылыққа бейімдеген. Оның «Мал байлығы – бір жұттық», «Еңбегінді жерге істе, жер көтерер назынды. Аузың толып нан жейсің», «Қабында астығың болмаса, қорадағы малыңа сенбе» сынды сөздері халық арасында қанатты сөзге айналып кеткен (Жалағашым, 1999: 273–274).

Жетісу өлкесінде арық қаздырған тұлғаның бірі – Ескелді би<sup>7</sup>. Аңыз бойынша Сыр бойынан

<sup>5</sup>Жүздібайұлы Өмірбай 1768 жылы Жаңадарияның бойындағы «Ақшығанақ» деген жерде дүниеге келіп, 1858 жылы Қарақұмның «Жырық» деген жерінде қайтыс болған. Шешендігімен даңқы шыққан Өмірбай өз заманында Бұқарбай батыр, Борбас би, Алданазар би, Сәдір би, Тынымбай сынды би-батырлармен бірге түрлі дауларға араласқан.

<sup>6</sup>Үбіс Жанайұлы – Өтебай Сарқасқа, оның ішінде Солтан деп аталатын аталықтан шыққан, дабысы алысқа кеткен әрі би, әрі батыр болған кісі. «Қотыр» деп аталатын жердің маңында «Үбіс көлі» қазіргі Жалағаш ауданының «Жаңаталап» совхозында, «Үбіс арығы» кезінде малға жайылым, арығы егін егуге көп көмегін тигізді. Сол кезде егін еккен арық-атыздардың орны бүгінгі күнге дейін сақталған. «Жаңаталап» ауылы жерінің Қармақшы ауданы жағында «Үбіс арығы» қазіргі ұрпақтардың иелігіне де айналған, ырыс қазынасы болып отыр.

<sup>7</sup>Ескелді би Жылгелдіұлы шамамен 1692–1770 жылдар аралығында өмір сүрген. Жоңғар шапқыншылығына

Қаратал өзенінің жағасына көшіп келген ел, ең алдымен, егіншілікпен айналысуды ойлайды. Бұл ойды бірінші болып Ескелді би қолға алып, қазылатын арықты қай жерден түсетінін, қалай қазу қажеттігін көрсетіп, жол көрсеткен. Бірде қазіргі Талдықорған ауданының аумағындағы су диірменінің жоғарғы тұсынан тоған қаздыртып, Шымыр ауылының (бұрынғы Нұра ауылы) үстімен жүргізеді. Арықты қазу жұмыстары біткен соң Ескелді би «қара қазан, сары баланың қамы үшін деп астындағы ақбоз атын құрбандыққа шалған екен деседі. Содан кейін ғана арықтан су аққан екен (Бабалар сөзі, 87, 2012: 70).

Батырлығымен көзге түскен, басқа уақытта арық қаздыртып, елдің ризығын арттыруға үлес қосқан тұлғалар да жетерлік. Кейбірінің ерлігі ел арасында аңыз болып қалғанымен, арық қаздырғандығы туралы жырларда ғана кездеседі. Сонда тұлғаның бірі – Қара Қисық батыр. Ол туралы Тұрмағамбет Ізтілеуовтың «Ел қамын жеген ерлер» атты жырында төмендегідей жолдар кездеседі:

Қайраты Қара Қисықтың –  
Болып ед өрттей қаптаған!

.....

Қаһарлы ханның қасында  
«Осатын өкпенді осы! деп,  
Отырып найза саптаған.  
Асылы озат ер еді,  
Ойдан – су өрге ағызып,

Асқарды атыз, жаптаған (Бес ғасыр, 1989: 465). Мұндағы жап – егістікке су жіберу үшін екі жиегіне топырақ үйіп жасайтын кіші арықтың түрі (Құралұлы, 1997: 241). Қараөзек бойын мекендейтін халық әлі күнге дейін кіші арықтарды жап деп атайды (АДЭМ). Өзбектерде орта және кішкентай арықтармен қоса, ірі каналдардан тарайтын үлкен арықтарды да «ёп» деп атайды. Мысалы, Пахта арна каналынан тарайтын жап түрлері: «Тозабоғ ёп», «Сарибий ёп», «Қалтаминор ёп» (Гулямов, 1957: 243).

Кенесары Қасымұлы көтерілісіне белсене қатысқан Бұқарбай батыр<sup>8</sup> жасы ұлғайған шағында өзінің рулас ағайындарымен қазіргі Қызылорда облысы Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылының солтүстік-шығыс жағы, Сырдың арқа бетіндегі Нұралықтан бастау алатын, топырағы құнарлы, ауасы жайлы мекенге қоныстаныпты. Батыр елді отырықшылыққа бейімдеп, бау-бақша салып, егін егу үшін сонау Қараөзек өзенінің бір саласы Түйте өзегінен арық<sup>9</sup> қаздырады. Аталмыш Бұқарбай батыр қаздырған арыққа байланысты қалыптасқан аңыздың бірі – «Қосжігіт мұнарасы»<sup>10</sup> туралы хикая. Бірде арық қазып жатқан бір үйдің ағайынды екі баласы қалың қамысты аршып келе жатып, аналық жолбарыстың ініне тап болады. Сол сәтте күшіктерін қызғанған ызалы жолбарыс атылып, қос жігіттің біреуінің тамағын тырнағымен орып жібереді. Артынан көмекке ұмтылған бауырын да жолбарыс алқымнан алып, өлтіреді. Тасыр-тұсырға жиналған ел қансыраған ағайынды жігіттердің үстінен түседі. Ел игілігі үшін еңбек етіп, қаза тапқан қос жігітті ел болып аза тұтып, арулап Бұқарбай батыр арығының маңайына қатар

---

қарсы жорықтарға қатысқан. Ескелді би шапқыншылықтан босып кеткен Жалайырлардың басын қосып, Жетісуға қоныстандырған.

<sup>8</sup>Бұқарбай батыр Естекбайұлы 1812 жылы қазіргі Қызылорда облысының Жалағаш ауданына қарасты елді мекенде дүниеге келген. Кіші жүздің Табын тайпасының Теке атасынан шыққан Бұқарбай батырдың ата қонысы Сырдария өзенінің Қараөзек саласының терістігіндегі Шотан көлінің маңынан әрі қарай созылып жатыр. Қазір бұл маңда Бұқарбай қыстауы, Бұқарбай қорымы, Бұқарбай арығы деген жер атаулары бар (Бердәулетов, 1992: 8).

<sup>9</sup>Жерінің топырағы ақшылдау болғандықтан жергілікті халық «Бұқарбайдың ақ арығы» деп атайды. Ұзындығы 20 шақырымнан асады. 1990–2000 жылдарға дейін жағасына халық егін еккен. Арықтың бойында Бұқарбай батыр Естекбайұлының кесенесі бар (АДЭМ).

<sup>10</sup>Шамамен XIX ғасырдың аяғына тән аталмыш «Қосжігіт мұнарасы» Жалағаш ауданы, Қаракеткен ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 19,4 шақырым жерде орналасқан (АДЭМ).



жерлейді. Артынан Бұқарбай батыр ел ақсақалдарын жинап, ұрпақсыз шейіт кеткен екі жігіттің басына белгі ретінде халық болып жұмылып, кесек құйып, биіктігі бес-алты метрдей келетін қос мұнара тұрғызады. Кейіннен, әлгі жігіттердің аты ұмытылып, халық оны «Қосжігіттің мұнарасы» деп атап кеткен екен (III).

Халық шығармашылығынан арасында өлеңменен айтысқан тұлғаларды да кездестіруге болады. Соның бірі ретінде Садуақас пен Балтабай ақынның арық қазып жатқан арыққа байланысты хат арқылы жазбаша айтысқандығын айтуға болады. Қазан төңкерісінің алғашқы жылдарында Қоңырат елінің Саңғыл руының бір ауылы Шошқакөл деген көлден су алып, егін егеміз деп арық қазады. Мұны көрген көршілес Қоңыраттың Божбан руы ауылының Балтабай деген ақыны айдаладан арық қазып жатқан Саңғылдардың ісін ерсі көріп, өлең жазып, хатты арықшыларға беріп кетіпті:

Саңғылдар арық қыпты айдаланы,  
Мұнымен асырайды қай баланы.

Суы жоқ шөл даладан арық қазып,  
Миы ашып қай нәрсені ойлағаны.

Қыпшақтар әрекетін жасап жатыр,  
Басынды Сүйіндіктен байлағалы.

Бекітіп Сүйіндіктен байлап алса,  
Сорыңның сол емес пе қайнағаны.

Арықшылар өлеңді жаттап алып, өз ауылының ақыны Садуақасқа жеткізіпті. Сонда Садуақас былай деп жауап жазыпты:

Айтайық біз-дағы өлең білімді елге,  
Мін тағып сөйлеу әбес рулы елге.

Балтабай біздің елді өлең қыпты,  
Жығылған күлгендей-ақ сүрінгенге.

...

Саңғылдар қазды депті айдаланы,  
Саңғылдың бала қамын ойлағаны.

Айдала деген жерің су аяғы,

Шалқыған көл-дария айналасы.

Адал пейнет, күшпенен жер ашпақыз,

Қиянат табымыз жоқ ойлағалы (Садуақас ақын, 2008: 304–306).

Қазақ фольклорының ерекше түрі ретінде мақал-мәтелдерді айтуға болады. Қазақ халқында егіншілікке байланысты көптеген мақал-мәтелдер ауыздан-ауызға тарап, бүгінгі күнге дейін жеткен. Егіншілікке байланысты мақал-мәтелдерді бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Ең алдымен, суландыру жүйесін ұйымдастыру және басқару саласында қызмет ететін мұраптарға байланысты қалыптасқан мақал-мәтелдер жатады. Атап айтқанда «Су патшасы мұрап, түн патшасы шырақ», «Жақсы мұраптың соңынан су ереді, жаман мұраптың соңынан шу ереді» (Қазақ мақал-мәтелдері, 1990: 28, 31) сынды мақалдар қазақтарда қалыптасқан. Мұраптардың негізгі қызметіне халықты ұйымдастырып, арық қазу, тазалау жұмыстарына тарту, егіншілерге су бөлу т.б. жатады (Дингельштедт, 1893: 333–334). Жоғарыда келтірілген мақалдар мұраптардың халық арасында беделінің жоғары болғандығын көрсетеді.

Егінді суаруға байланысты қалыптасқан келесі мақалдың бірі ретінде «Суды шым тоқтатар, сөзді шын тоқтатар» айтуға болады (Қазақ мақал-мәтелдері, 1990: 44). Мақалда қолданылған шым сөзі жердің бірнеше жылдар бойы шөп тамырлары тұтасып өскен құйқалы, құнарлы қабатына айтылады (Құралұлы, 1997: 248). Әлі күнге дейін оңтүстік өңірде егін суару барысында судың алдын бекіту үшін шым пайдаланылады. Шым егіншіліктен бөлек қора-қопсы салуға да кеңінен пайдаланылған. Яғни, шым дайын кірпіштің қызметін де атқарған. Қора-қопсы салуға қажетті

шымды оюдың өзі бір үлкен ұжымдық еңбекті талап етеді. Шымға оюға арналған қажетті жерді тандап алған соң, бірнеше адам жұмысқа кірісіп, жердің шөппен тамырланып кеткен беткі қабатын ойып алады. Тамырланған шөп топырақты шашыратпай, біріктіріп тұрады. Шымның қалыңдығы шамамен 10 см, ені 10, ұзындығы 15–20 см көлемінде болып келеді (АДЭМ).

Арықтың басына жақын орналасқан диқандар егін суару үшін бірінші кезекте су алатындығы қисынды, әрі даусыз. Осыған байланысты қазақ халқында «Әкең мұрап болса да су басынан орын ал», «Ханның қасында болғанша, судың басында бол» деген мақалдар қалыптасқан. Аталған мақалдардан көретініміз егіншілікпен айналысатын рулар арасында суға талас жиі болып тұрған (Суға байланысты дау туралы жоғарыда бірнеше мысалдар келтірілді – *Н.А.*).

Егіншілікке байланысты фольклордың бір саласы ретінде қазақ халқының ырымдарын қарастыруға болады. Егіннің тұқымы үшін біреу қарызға дән сұраса, ренжімей берілуге тиіс. Өйткені дәнді адам емес, қара жер тілеп жатыр деп ырымдалады. Тіпті, түк жоқ деген күнде де бір уыс дән ұстатады. «Егін әлей болсын!» деген тілек айтып, қарыз сұраушыны жылы шыраймен шығарып салады. Мұнысы – үйден дән арылмасын, дән тасып, елдің қажетіне өтелсін дегені (Бабалар сөзі, 93, 2013: 294). Жазда, яғни жазғытұрым ақ жауын жауса, құт құйды, жер иіп, егін мол өнім береді деп жақсылыққа жориды (Бабалар сөзі, 93, 2013: 297). Қайтыс болған жанның підиясына<sup>11</sup> мал, ақшадан өзге бидай да беретін болған. Мұнысы артында қалған ұрпағы егіндей көгеріп жайқалсын деп жақсылықтан үміттенген (Бабалар сөзі, 93, 2013: 341). Егін егіп жатқан диқанға өтіп бара жатқан жүргінші: «бір дәннің мың дән берсін», – деп амандасады. Егер диқаннан біреу егін егемін деп дән сұраса, ол шамасына қарай сұраушыға беруі керек (Диваев, 1992: 167). Жоғарыда аталған ырымдар көктемгі егін егуден бастап күзгі жиын-терім маусымына дейінгі аралықтағы қазақ халқының егіншілік мәдениетінен сыр шертеді. Сондай-ақ, аталмыш ырымдардан халықтың бірі-біріне деген ыстық ықыласын, әрбір жанның өзінің қауымы алдындағы жауапкершіктің жоғары болғандығын көруге болады.

### Қорытынды

Қазақ халқы ежелден егіншілікпен негізінен Сырдария, Ертіс, Шу, Талас, Іле сынды т.б. өзендердің бойында айналысқан. Алайда, халықтың бау-бақша, суармалы егіншілікпен жүйелі айналысып, оны арнайы кәсіп қылу мүмкіндігі климаты жұмсақ, аридизацияға ұшырай қоймаған Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі Сырдария, Арыс, Келес, Талас, Шу, Іле өзендері алқаптарында және олардың ұсақ салалары бойында мүмкін болған. Ал, өзге суы аз шөлейтті аймақтарда мал шаруашылығына негізделген тіршілік жүйесі қалыптасты. Осыған орай, егіншілікке байланысты фольклор және басқа да аңыз-әңгімелер негізінен егіншілігі қалыптасқан отырықшы, жартылай отырықшы өңірлерде қолданыста болды.

Алайда мақал-мәтел, ырым-тыйымдар жалпы бір ғана өңірге қарастырылып айтылмайды. Яғни, мақал-мәтел мен ырымдар қазақ ру-тайпаларының өзара көшіп-қонуы, саудасы, әлеуметтік-саяси т.б. байланыстары арқылы өзге өңірлерге тасымалданып, нәтижесінде олар қазақ халқының ортақ фольклорлық мұрасы болып қалыптасты. Сондықтан да мақал-мәтелдер мен ырымдар этнографиялық зерттеулерде дерек ретінде қолданылғанда жалпы қазақ халқына ортақ мұра ретінде көрсетіледі.

Жалпы, зерттеу жұмысын қорытындыласақ, қазақ халқының егіншілікке қатысты фольклоры ежелден бастау алатынына көз жеткіземіз. Бұл алдыңғы уақыттардағы тарихнамада қалыптасқан «қазақ халқы тек экстенсивті мал шаруашылығымен айналысқан», «шаруашылық-мәдени типі жұпыны болған», «ен далада көшіп-қонумен ғана өмір сүрген» деген тарихи-идеологиялық стереотиптерді жоққа шығарса керек. Дегенмен, жоғарыда келтірген фольклор

<sup>11</sup>Підия – қайтыс болған адамның тірісінде өтелмеген ғибадаттарын, жасаған күнә-кемшіліктері мен қарызын жеңілдету үшін берілетін садақаның түрі.

мысалдарынан анық аңғаратынымыз, қазақ халқындағы егіншілікке қатысты мысалдар, ережелер, жөн-жоралғылар т.б. мәселелер XVII ғасыр – XX ғасырдың бірінші жартысындағы Жетісу, Түркістан өңірі, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда жалпы Сыр бойы, Арыс, Келес өзендері алқабындағы қазақтардың егіншілік дәстүрі мен жүйесінен мәліметтер береді. Сондықтан, қазақ халқының егіншілікке қатысты фольклор материалдары, қазақ халқының жалпы экономикалық-шаруашылық тарихын зерттеуде қосымша және негізгі дереккөз ретінде пайдалануға болатынын айтқымыз келеді.

### Информаторлар

- I. Шөмекей Марат. 1971 ж.т. Жалағаш кенті, Қызылорда облысы. Руы: Табын – Тоқтамыс.
- II. Кемелов Әміртай. 1939 ж.т. Мақпалкөл ауылы (қазіргі атауы – Темірбек Жүргенов), Жалағаш ауданы, Қызылорда облысы. Руы: Шөмекей.
- III. Байқабылов Арыстанбек Әмірханұлы. 1978 ж.т. Жалағаш кенті, Қызылорда облысы. Руы: Шөмекей – Сарыбай.

### Informants

- I. Shumekey Marat. Born in 1971 Zhalagash village, Kyzylorda region. Tribe: Tabyn – Tokhtamys.
- II. Kemelov Omirtai. Born in 1939 Makpalkol village (current name – Temirbek Zhurgenov), Zhalagash district, Kyzylorda region. Tribe: Shomekei.
- III. Baikabylov Arystanbek Amirkhanuly. Born in 1978 Zhalagash village, Kyzylorda region. Tribe: Shomekei – Sarybai.

### Sources

FTAFEM — From the author's field ethnographic materials

### Деректер

АДЭМ — Автордың далалық этнографиялық материалдарынан

### References

- Altaev, 1994 — *Altaev B.A.* Ontustik Kazakstan kazaktarynyn eginshilikke bailylyq dasturleri men adet-guryptary [Traditions and customs of Kazakhs of South Kazakhstan related to agriculture]: Candidate of historical sciences dissertation manuscript: specialty 07.00.07 – ethnology. Almaty, 1994. 194 p. (In Kaz).
- Axantaeva, 2008 — *Axantaeva A.Zh.* Syr oniri kazaktarynyn dasturli zher sharuashylygy: tarixi-etnografiyalyk zertteu (XIX g. ortasy men XX g. basyndagy derekter boiynsha): Candidate of historical sciences dissertation manuscript: 07.00.07 – ethnography, ethnology and anthropology. Almaty, 2008. 164 p. (In Kaz).
- Babalar sozi, 69, 2011 — *Babalar sozi* [The words of the ancestors]: Hundred-volume. Vol. 69: Qazaq maqal-matelderi [Kazakh proverbs] // The volume was compiled and prepared for publication by: Q. Alpysbaeva (responsible publisher), T. Albekov, N. Elesbai. Astana: Foliant, 2011. 440 p. (In Kaz).
- Babalar sozi, 78, 2011 — *Babalar sozi* [The words of the ancestors]: Hundred-volume. Vol. 78: Qazaq mifleri [Kazakh myths] // The volume was compiled and prepared for publication by: P.T. Auesbaeva, N.M. Mursalimova (responsible publisher). Astana: Foliant, 2011. 448 p. (In Kaz).
- Babalar sozi, 87, 2012 — *Babalar sozi* [The words of the ancestors]: Hundred-volume. Vol. 87: Tarikhi anyzdar [Historical legends] // The volume was compiled and prepared for publication by: Q. Alpysbaeva, T. Albekov, A. Oralbek (responsible publisher). Astana: Foliant, 2012. 432 p. (In Kaz).
- Babalar sozi, 93, 2013 — *Babalar sozi* [The words of the ancestors]: Hundred-volume. Vol. 93: Magialyq folklor [Magical folklore] // The volume was compiled and prepared for publication by: T. Albekov, Q. Alpysbaeva (responsible publisher), A. Oralbek. Astana: Foliant, 2013. 432 p. (In Kaz).
- Basilov, 1970 — *Basilov V.N.* Kult svyatykh v islame [The cult of saints in Islam]. Moscow: Mysl, 1970. 144 p. (In Russ).
- Berdauletov, 1992 — *Berdauletov K.* Buqarbai batyr (omiri men erlik zhoryqtary) [Bukharbai Batyr (life and exploits)]. Almaty: Qazaq universiteti, 1992. 128 p. (In Kaz).

Bes gasyr zhyrlaidy, 1989 — *Bes gasyr zhyrlaidy: XV gasyrdyn XX gasyrdyn bas kezine deingi qazaq aqyn-zhyraularynyn shygarmalary* [Five centuries sing: works of Kazakh poets from the 15th century to the beginning of the 20th century]. Two volumes // Compiled by: M. Baidildaev, M. Magauin. Almaty: Zhazushy, 1989. T.2. 496 p. (In Kaz).

Dingelshtedt, 1893 — *Dingelshtedt N.A. Opyt izusheniya irrigasii Turkestanskogo kraia. Syr-Darinskaia oblast* [Experience in studying irrigation in the Turkestan region. Syr-Darya region.]. Saint Petersburg: Ministry of Railways Typography, 1893. 366 p. (In Russ).

Divaeв, 1992 — *Divaeв A. Tartu* [Pull over] (Compiled, wrote the foreword and comments Flora Orazaeva). Almaty: Ana tili, 1992. 256 p. (In Kaz).

Guljamov, 1957 — *Guljamov Ja.G. Istoriya orosheniya Khorezma s drevneishikh vremen do nashikh dnei* [History of irrigation of Khorezm from ancient times to the present day]. Tashkent, 1957. 313 p. (In Russ).

Karmysheva, 1986 — *Karmysheva Dzh.Kh. Zemledelcheskaja obrjadnost u kazakhov // Drevnie obrjady verovanja i kulty narodov Srednei Azii. Istoriko-etnograficheskie ocherki* [Agricultural rituals among the Kazakhs // Ancient rituals of belief and cults of the peoples of Central Asia. Historical and ethnographic essays] // Rep. editor V.N. Basilov. Moscow: Nauka, 1986. Pp. 47–70. (In Russ).

Kazakhi, 1995 — *Kazakhi. Istoriko-etnograficheskoe issledovanie* [Kazakhs. Historical and ethnographic research] // Editor G.E. Taizhanova. Almaty: Kazakhstan, 1995. 352 p. (In Russ).

Qartaeva, 2022 — *Qartaeva T. Syr-Aral etnografiasy* [Ethnography of Syr-Aral]. Almaty: «Qazaq kitaby» baspasy, 2022. 512 p. (In Kaz).

Qasqabasov, 2014 — *Qasqabasov S. Qazaqtyn khalyq prozasy. Zertteuler* [Kazakh folk prose. Studies] // Optional. Vol.1. Astana: Foliant, 2014. 320 p. (In Kaz).

Qazaq maqal-matelderi, 1990 — *Qazaq maqal-matelderi* [Kazakh proverbs] // Compiled by M. Aqqozin. Almaty: Qazaqstan, 1990. 288 p. (In Kaz).

Quraluly, 1997 — *Quraluly A. Qazaq dasturli madenietinin ensiklopedialyq sozdigi* [Encyclopedic dictionary of Kazakh traditional culture]. Almaty: Sozdik-Slovar, 1997. 368 p. (In Kaz).

Saduaqas aqyn, 2008 — *Saduaqas aqyn* [poet Saduakas] // Compiled by. Prepared for publication and wrote the foreword A. Zhumashev. Shymkent: Kitap, 2008. 368 p. (In Kaz).

Seidalin, 1870 — *Seidalin T.A. O razvitiu khlebopashestvo po bassajnu r. Turgaja* [On the development of arable farming in the river basin. Turgaya] // Notes of the Orenburg Department of the Imperial Russian Geographical Society. Issue. 1. 1870. Pp. 234–257. (In Russ).

Shaimerdenova, 2001 — *Shaimerdenova K.G. Qazatardyn diqanshylyq kasibinde kezdesetin turli rasim-kade, salt-zhoralgylyar* [Kazakhtardyn dikanshylyk kasibinde kezdesetin turli rasim-kade, salt-zhoralgylyar] // Kazakh customs and traditions: past and present. A collection of articles. Almaty: Gylym, 2001. Pp. 191–201. (In Kaz).

William R. Bascom, 1953 — *William R. Bascom. Folklore and Anthropology* // The Journal of American Folklore. Vol. 66. No. 262. 1953. Pp. 283–290.

Zhalagashym, 1999 — *Zhalagashym – zhasyl bagym* [My Zhalagash is garden green]. Almaty: Shartarap, 1999. 368 p. (In Kaz).

### Әдебиеттер

Алтаев, 1994 — *Алтаев Б.Ә. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: Тарих ғыл. канд. ... дисс. қолжазбасы: мамандығы 07.00.07 – этнология. Алматы, 1994. 194 б.*

Ахантаева, 2008 — *Ахантаева Ә.Ж. Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі жер шаруашылығы: тарихи-этнографиялық зерттеу (XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басындағы деректер бойынша): Тарих ғыл. канд. ... дисс. қолжазбасы: 07.00.07 – Этнография, этнология және антропология. Алматы, 2008. 164 б.*

Бабалар сөзі, 69, 2011 — *Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 69: Қазақ мақал-мәтелдері // Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Қ. Алпысбаева (жауапты шығарушы), Т. Әлібеков, Н. Елесбай. Астана: «Фолиант», 2011. 440 б.*

Бабалар сөзі, 78, 2011 — *Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 78: Қазақ мифтері // Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: П.Т. Әуесбаева, Н.М. Мурсалимова (жауапты шығарушы). Астана: «Фолиант», 2011. 448 б.*

- Бабалар сөзі, 87, 2012 — *Бабалар сөзі: Жүзтомдық*. Т. 87: Тарихи аңыздар // Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Қ. Алпысбаева, Т. Әлбеков, А. Оралбек (жауапты шығарушы). Астана: «Фолиант», 2012. 432 б.
- Бабалар сөзі, 93, 2013 — *Бабалар сөзі: Жүзтомдық*. Т. 93: Магиялық фольклор // Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Т. Әлбеков, Қ. Алпысбаева (жауапты шығарушы), А. Оралбек. Астана: «Фолиант», 2013. 432 б.
- Басилов, 1970 — *Басилов В.Н.* Культ святых в исламе. М.: Мысль, 1970. 144 с.
- Бердәулетов, 1992 — *Бердәулетов К.* Бұқарбай батыр (өмірі мен ерлік жорықтары). Алматы: «Қазақ университеті», 1992. 128 б.
- Бес ғасыр жырлайды, 1989 — *Бес ғасыр жырлайды: XV ғасырдың XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары*. Екі томдық // Құраст.: М. Байділдаев, М. Мағауин. Алматы: Жазушы, 1989. Т. 2. 496 б.
- Гумялов, 1957 — *Гулямов Я.Г.* История орошения Хорезма с древнейших времен до наших дней. Ташкент, 1957. 313 с.
- Диваев, 1992 — *Диваев Ә.* Тарту (Құрастырған, алғы сөзін және түсініктемелерін жазған Флора Оразаева). Алматы: Ана тілі, 1992. 256 б.
- Дингельштедт, 1893 — *Дингельштедт Н.А.* Опыт изучения ирригации Туркестанского края. Сыр-Дарьинская область. СПб.: Тип. Министерства Путей Сообщения, 1893. 366 с.
- Жалағашым, 1999 — *Жалағашым* – жасыл бағым. Алматы: Шартарап, 1999. 368 б.
- Казахи, 1995 — *Казахи*. Историко-этнографическое исследование // Редактор Г.Е. Тайжанова. Алматы: Казахстан, 1995. 352 с.
- Кармышева, 1986 — *Кармышева Дж.Х.* Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды верования и культуры народов Средней Азии. Историко-этнографические очерки / Отв. редактор В.Н. Басилов. М.: Наука, 1986. С. 47–70.
- Қазақ мақал-мәтелдері, 1990 — *Қазақ мақал-мәтелдері* // Құраст. М. Аққозин. Алматы: Қазақстан, 1990. 288 б.
- Қартаева, 2022 — *Қартаева Т.* Сыр-Арал этнографиясы. Алматы: «Қазақ кітабы» баспасы, 2022. 512 б.
- Қасқабасов, 2014 — *Қасқабасов С.* Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер // Таңдамалы. Т.1. Астана: Фолиант, 2014. 320 б.
- Құралұлы, 1997 — *Құралұлы А.* Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Алматы: «Сөздік-Словарь», 1997. 368 б.
- Садуақас ақын, 2008 — *Садуақас ақын* // Құраст. Баспаға әзірлеп, алғы сөзін жазған А. Жұмашев. Шымкент: «Кітап» ЖШС, 2008. 368 б.
- Сейдалин, 1870 — *Сейдалин Т.А.* О развитии хлебопашество по бассейну р. Тургая // Записки Оренбургского отдела императорского русского географического Общества. Вып. 1. 1870. С. 234–257.
- Шаймерденова, 2001 — *Шаймерденова К.Г.* Қазақтардың диқаншылық кәсібінде кездесетін түрлі рәсім-кәде, салт-жоралғылар // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі және бүгіні. Мақалалар жинағы. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. Б. 191–201.
- William R. Bascom, 1953 — *William R. Bascom.* Folklore and Anthropology // The Journal of American Folklore. Vol. 66. No. 262. 1953. Pp. 283–290.

## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

<b>Ахметова Ж., Эгамбердиев М., Әбікей А.</b> ТҮРКІСТАННЫҢ ҰЛТТЫҚ-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН МЕЖЕЛЕНУ ТАРИХЫНАН.....	7
<b>Сәтбай Т.Я., Жолдасұлы Т.</b> ҚАЗАҚСТАН КИНЕМАТОГРАФИСТЕР ОДАҒЫНЫҢ СОҒЫСТАН KEЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ (1946–1970).....	24

### ТАРИХ

<b>Әбдікүлова Г., Төлєнова З.</b> КҮНДЕЛІКТІ ӨМІР ТАРИХЫНЫҢ КӨЗДЕРІ: ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ.....	37
<b>Бейсембаева А.Р.</b> XVII ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ҚАТЫНАСТАРДЫҢ KEЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ: АРХИВ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	52
<b>Беркінбаев О.У.</b> АБЫЛАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ XVIII ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫНДА МАНЬЧЖУР ӘУЛЕТІМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ...	67
<b>Жұматай С.</b> ӘБІЛМӘМБЕТ ПЕН АБЫЛАЙДЫҢ РЕСЕЙ ПРОТЕКТОРАТЫН ҚАБЫЛДАУ ПРИНЦИПТЕРІ МЕН БАРЫСЫ (1740 Ж.) ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫ.....	83
<b>Қабылдинов З.Е.</b> СҰЛТАН СҰЛТАНМАМЕТТИҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ KEЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ 30–50 ЖЫЛДАРЫ).....	94
<b>Қали А.Б.</b> XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДА ЖЕТІСУ ЖЕРІНЕ ТАТАРЛАРДЫҢ ҚОНЫСТАНУ ТАРИХЫНАН.....	111
<b>Қуанбай О.</b> АБЫЛАЙ СҰЛТАННЫҢ ШЕКАРАЛЫҚ АЙМАҚТАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ САЯСАТЫ (XVIII ҒАСЫРДЫҢ 30–40 жж.).....	124
<b>Қонырова А.М.</b> РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ОРЫСТАНДЫРУ САЯСАТЫ (XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ).....	142
<b>Рахимова Қ.Д., Батырхан Б.Ш.</b> МҰХАММЕД ӘЛИ ФОРУГИДІҢ ИРАНДА ЖАҢА ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ.....	154
<b>Рысқұлов Т.А.</b> ОРТА ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫ МЕН РЕСЕЙ АРАСЫНДАҒЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ ОРНАУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ АБЫЛАЙ ХАННЫҢ РӨЛІ (1730–1750 ЖЖ).....	169
<b>Тоқболат С.Т., Жүрсінбаев Б.А., Жұбанышов Б.Т.</b> ДАЛА ЖОРЫҒЫ: 1839 ЖЫЛҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ХИУА ЖОРЫҒЫНДАҒЫ КІШІ ЖҮЗ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ РӨЛІ.....	184
<b>Торайғыров Е.М.</b> ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ, ӘУЛЕТТІК ЖӘНЕ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ.....	202
<b>Мұхатова О.Х., Доскараева А.А., Сисенбаева А.А.</b> ОТЫНШЫ ӘЛЖАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ КӨЗҚАРАСТАРЫ.....	218
<b>Ноури М., Жеңіс Ж., Ализәде</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНАН ИРАНҒА РЕЗА ШАХТАН БАСТАП БҮГІНГІ КҮНГЕ ДЕЙІН ҚОНЫС АУДАРУЫ.....	234

### АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Досымбетов Н.А.</b> ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДЕРЕКТЕРДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЕГІНШІЛІК МӘДЕНИЕТІ (ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕСІМЕН).....	247
<b>Сейтхан Ш.</b> МОҢҒОЛДАРДЫҢ ЖЫЛҚЫҒА ҚОЛДАНАТЫН ТАҢБАЛАРЫ ЖӘНЕ ТАҢБАЛАУ ДӘСТҮРЛЕРІ.....	261

## СОДЕРЖАНИЕ

## ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

<b>Ахметова Ж., Эгамбердиев М., Абикей А.</b> ИЗ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО РАЗМЕЖЕВАНИЯ ТУРКЕСТАНА.....	7
<b>Сатбай Т.Я., Жолдасұлы Т.</b> ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СОЮЗА КИНЕМАТОГРАФИСТОВ КАЗАХСТАНА В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1946–1970).....	24

## ИСТОРИЯ

<b>Абдыкулова Г., Толенова З.</b> МНОГОМЕРНЫЕ ИСТОЧНИКИ ИСТОРИИ ПОВСЕДНЕВНОСТИ: ОПЫТ КАЗАХСТАНСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ.....	37
<b>Бейсембаева А.Р.</b> НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИХ ОТНОШЕНИЙ В КОНЦЕ XVII – СЕРЕДИНЕ XVIII ВЕКОВ: НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ.....	52
<b>Беркинбаев О.У.</b> АБЫЛАЙ И ЕГО ВЗАИМООТНОШЕНИЯ С МАНЬЧЖУРСКОЙ ДИНАСТИЕЙ В СЕРЕДИНЕ XVIII ВЕКА.....	67
<b>Жуматай С.</b> ПРИНЦИПЫ И ХОД ПРИНЯТИЯ РОССИЙСКОГО ПРОТЕКТОРАТА АБУЛМАМБЕТОМ И АБЫЛАЕМ (1740 г.) И ЕГО ПОСЛЕДСТВИЯ.....	83
<b>Кабульдинов З.Е.</b> НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ИЗ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СУЛТАНА СУЛТАНМАМЕТА (30–50 ГОДЫ XVIII ВЕКА).....	94
<b>Кали А.Б.</b> ИЗ ИСТОРИИ ЗАСЕЛЕНИЯ ТАТАР СЕМИРЕЧЬЯ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА.....	111
<b>Куанбай О.</b> ДИПЛОМАТИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СУЛТАНА АБЛАЯ В ПРИГРАНИЧНОЙ ЗОНЕ (30–40-е годы XVIII ВЕКА).....	124
<b>Коньрова А.М.</b> ПОЛИТИКА РУСИФИКАЦИИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ В СФЕРЕ ОБРАЗОВАНИЯ (НАЧАЛО XX ВЕКА)....	142
<b>Рахимова К.Д., Батырхан Б.Ш.</b> РОЛЬ МУХАММЕДА АЛИ ФОРУГИ В ФОРМИРОВАНИИ НОВОЙ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СРЕДЫ В ИРАНЕ.....	154
<b>Токболат С.Т., Джурсунбаев Б.А., Жубанышов Б.Т.</b> РОЛЬ АБЫЛАЯ В УСТАНОВЛЕНИИ И РАЗВИТИИ ТОРГОВЫХ ОТНОШЕНИЙ КАЗАХОВ СРЕДНЕГО ЖУЗА С РОССИЕЙ В 1730–1750-Х ГГ.....	169
<b>Токболат С.Т., Джурсунбаев Б.А., Жубанышов Б.Т.</b> ПОХОД ПО СТЕПИ: РОЛЬ КАЗАХОВ МЛАДШЕГО ЖУЗА В ХИВИНСКОМ ПОХОДЕ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ 1839 ГОДА.....	184
<b>Торайгыров Е.М.</b> КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ, ДИНАСТИЙНЫЕ И ТОРГОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ.....	202
<b>Мухатова О.Х., Доскараева А.А., Сисенбаева А.А.</b> ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ВЗГЛЯДЫ ОТЫНШЫ АЛЖАНОВА.....	218
<b>Ноури М., Жеңіс Ж., Ализиде</b> ИРАНСКИЕ КАЗАХИ-ПЕРЕСЕЛЕНЦЫ 1930-Х ГОДОВ С МАНГЫСТАУ: СО ВРЕМЕН РЕЗА ШАХА ДО НАШИХ ДНЕЙ.....	234

## АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Досымбетов Н.А.</b> КУЛЬТУРА ЗЕМЛЕДЕЛИЯ КАЗАХОВ В ФОЛЬКЛОРНЫХ ИСТОЧНИКАХ (ОПЫТ ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ).....	247
<b>Сейтхан Ш.</b> МОНГОЛЬСКИЕ КЛЕЙМА ДЛЯ ЛОЩАДЕЙ И ТРАДИЦИИ ДЕЛАТЬ КЛЕЙМА.....	261

## CONTENTS

## THEORY OF METHODOLOGY

<b>Akhmetova Zh., Egamberdiyev M., Abikey A.</b> FROM THE HISTORY OF NATIONAL-TERRITORIAL DEMARCATION OF TURKESTAN.....	7
<b>Satbay T., Zholdassuly T.</b> THE ACTIVITIES OF THE UNION OF CINEMATOGRAPHERS OF KAZAKHSTAN IN THE POSTWAR YEARS (1946–1970).....	24

## HISTORY

<b>Abdykulova G., Tolenova Z.</b> MULTIFACETED SOURCES OF EVERYDAY HISTORY: THE EXPERIENCE OF KAZAKHSTANI RESEARCH.....	37
<b>Beisembayeva A.R.</b> CERTAIN ASPECTS OF THE KAZAKH-DZUNGAR RELATIONS IN THE LATE XVII – MIDDLE XVIII CENTURIES: BASED ON ARCHIVAL SOURCES.....	52
<b>Berkinbayev O.U.</b> ABYLAI AND HIS RELATIONSHIP WITH THE MANCHU DYNASTY IN THE MIDDLE OF THE XVIII CENTURY.....	67
<b>Zhumatay S.</b> PRINCIPLES AND COURSE OF THE ADOPTION OF THE RUSSIAN PROTECTORATE BY ABULMAMBET AND ABYLAI (1740) AND ITS CONSEQUENCES.....	83
<b>Kabuldinov Z.E.</b> SOME ASPECTS OF THE LIFE AND WORK OF SULTAN SULTANMAMET (1730s–1750s).....	94
<b>Kali A.B.</b> FROM THE HISTORY OF THE TATAR SETTLEMENT TO ZHETYSU IN THE SECOND HALF OF THE XIX CENTURY.....	111
<b>Kuanbay O.</b> DIPLOMATIC POLICY OF SULTAN ABLAI IN THE BORDER AREA (1730s–1740s).....	124
<b>Konyrova A.</b> RUSSIFICATION POLICY OF THE RUSSIAN EMPIRE IN THE FIELD OF EDUCATION (EARLY 20th CENTURY).....	142
<b>Rakhimova K., Batyrkhan B.</b> THE ROLE OF MUHAMMAD ALI FOROUGI IN THE FORMATION OF A NEW INTELLECTUAL ENVIRONMENT IN IRAN.....	154
<b>Ryskulov T.</b> THE ROLE OF ABYLAI IN THE ESTABLISHMENT AND DEVELOPMENT OF TRADE RELATIONS BETWEEN THE KAZAKHS OF THE MIDDLE ZHUZ AND RUSSIA IN THE 1730S–1750S.....	169
<b>Tokbolat S., Dzhursunbayev, Zhubanyshov B.</b> CAMPAIGNING ACROSS THE STEPPE: THE VITAL ROLE OF THE JUNIOR ZHUZ KAZAKHS IN IMPERIAL RUSSIA'S 1839 KHIVA CAMPAIGN.....	184
<b>Toraigyrov Y.M.</b> KAZAKH-JUNGAR DIPLOMATIC, DYNASTY AND TRADE RELATIONS.....	202
<b>Mukhatova O. Kh., Doskarayeva A.A., Sisenbayeva A.A.</b> EDUCATIONAL ACTIVITIES AND VIEWS OF OTYNSHY ALZHANOV.....	218
<b>Nouri M., Zhengis Zh., Alizade</b> THE RESETTLEMENT OF KAZAKHS FROM THE MANGISTAU REGION TO IRAN IN THE 1930-s FROM THE TIME OF REZA SHAH TO THE PRESENT DAY.....	234

## ANTHROPOLOGY

<b>Dossymbetov N.A.</b> AGRICULTURAL CULTURE OF KAZAKHS IN FOLKLORE DATA (EXPERIENCE OF ETHNOGRAPHIC RESEARCH).....	247
<b>Syeitkhan Sh.</b> TYPES OF BRANDS (TAMGA) USED BY MONGOLIANS ON HORSES AND THE BRANDING TRADITIONS.....	261



---

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми

журналы 2024. 11 (1)

*Бас редактор:*  
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.03.2024.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым  
комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМҚ

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ  
РМҚ Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)  
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

---